

10- сынып	Пәні: Қазақ әдебиеті	
Тақырыбы	Әсет Найманбаев өлеңдері.	
Мақсаты	Ә.Найманбаев өлеңдерінің мазмұнын меңгерту, тақырыбы мен идеясын ашу.	
Күтілетін нәтиже	А. Ә.Найманбаевтың өмірі туралы мәліметті еске түсіреді, хронологиялық дата бойынша өмір жолдарын атайды. Өлеңдерінің мазмұнын оқып, өз сөзімен айтады.	
	В. Өлеңдерінің мазмұндық, тақырыбы жағынан түрлерге бөліп, жазып көрсетеді. Махамбет өлеңімен ұқсастығын салыстырады.	
	С. Әдеби-теориялық талдау жасайды, өлең жазады.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	10-сынып.Әдебиет оқулығы. Интернет-ресурстар, компьютер. Хрестоматия.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p><i>І.Тұлғааралық байланысты орнату.</i></p> <p>1.Сыныппен амандасу.</p> <p>2. «Мен сыныппен жұмысты қалай бастаймын?» Әсеттің «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Қаргөз» әндері бойынша топқа бөлу.</p> <p><i>ІІ.Сыныптың білім деңгейін анықтау.</i></p> <p>1. Абайдың алдын көрген талантты шәкірттерінің бірі кім?</p> <p>2. Ә.Найманбаев қай өңірде дүниеге келген? Ата-бабаларының атақонысы қай өлке?</p> <p>3.Әсет білімді қайдан алды?</p> <p>4. Әсеттің даңқын шығарған сәттер.</p>	<p>Оқушылар топқа бөлінеді.</p> <p>ІІ. 1. Әсет Найманбаев.</p> <p>2. Ә.Найманбаев 1867 жылы қазіргі Семей өңірінде дүниеге келген. Ата-бабаларының атақонысы Қарағанды облысындағы Керегетас, Қызыларай тауларының маңы.</p> <p>3. Әсеттің әкесі Найманбай мен шешесі Кермеқас ұлдарының болашағын ойлап, 7-8 жасқа келгенде Ғабдішүкір имамның медресесіне береді.</p> <p>4. Қоянды жәрменкесіне барып, әр түрлі өнерпаздармен кездесуі, өзінің әншілік, ақындық талантын көрсетуі, Рысжан қызбен айтысуы Әсеттің атын елге танытып, даңқын шығарды.</p> <p>5. 1916 жылғы қазақ жастарын қара жұмысқа алу туралы патша жарлығы халықтың ашу-ызасын туғызды. Халықты ұлт-азаттық күреске шығуға мәжбүр етті. Осы дүрбелең кезеңде Әсет қопарыла көшкен елмен бірге Шығыс</p>

	<p>5. 1916 жылғы дүрбелең Әсет тағдырына әсер етті ме?</p> <p>6. Ә.Найманбаев қай өлкеде өмірден өтті?</p> <p>III. <i>Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</i> 1. Әсеттің әнге әуестігі қай уақытта байқалады? 2. Әсет Қоянды жәрмеңкесіне барып, кімдердің әнін шығыс аймаққа таратушы болады?</p> <p>IV. <i>Сабақ тақырыбын білдіретін мәселелерді анықтау.</i> I. Жансүгіровтің «Әнші» өлеңі кімге арналып еді?</p>	<p>Түркістан (Қытай) жеріне өтіп кетеді. Сол жақта бес жылдай өмір сүрді.</p> <p>6. 1922 жылы Құлжа қаласында кенеттен қайтыс болған.</p> <p>III.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Медреседе оқып жүргенде әнге әуестігі байқалады. 2. Біржанның, Ақанның, Құлтуманың әндерін шығыс аймаққа таратады. <p>IV. Ә.Найманбаев туралы жазылған өлең. Өлеңде Әсеттің шығу тегі мен әншілік өнері орындаушылық шеберлігі туралы айтылған...</p>																					
Тұсаукесер	Ә.Найманбаев туралы слайдты таныстыру.																						
Негізгі бөлім	<p>Тапсырмалар.</p> <p>I. Қазақ әдебиеті оқулығынан 177-181 беттегі Ә.Найманбаев өлеңдері тақырыбындағы мәтінді оқытамын.</p> <p>II. Өлеңдерінің мазмұндық, тақырыбы жағынан түрлерге бөліп, кестеге жазып көрсет.</p> <p>III. Махамбеттің «Еңселігім екі елі» өлеңімен Әсеттің «Арғынмын, атым – Әсет арындаған» өлеңін айырмашылығы мен ұқсастығын салыстырып жаз.</p>	<p>I. Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұнын өз сөзімен түсіндіріп айтады.</p> <p>II.</p> <table border="1" data-bbox="917 1355 1465 1467"> <tr> <th colspan="3">Әсет шығармалары</th> </tr> <tr> <td>Өлеңдері</td> <td>Айтыстары</td> <td>Қисса-дастандары</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="917 1500 1452 1803"> <tr> <td rowspan="4">Мазмұндық жағынан</td> <td>Ән өлеңдер</td> </tr> <tr> <td>Арнау</td> </tr> <tr> <td>Ағартушылық бағыттағы өсиет</td> </tr> <tr> <td>Уағыз түріндегі өлеңдер</td> </tr> <tr> <td></td> <td>Дидактикалық өлеңдер</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="917 1848 1449 2072"> <tr> <td rowspan="5">Өлеңдерінің тақырыбы</td> <td>Өнер</td> </tr> <tr> <td>Білім, ғылым</td> </tr> <tr> <td>Адамгершілік</td> </tr> <tr> <td>Достық</td> </tr> <tr> <td>Жастық</td> </tr> <tr> <td></td> <td>Халық поэзиясы</td> </tr> </table>	Әсет шығармалары			Өлеңдері	Айтыстары	Қисса-дастандары	Мазмұндық жағынан	Ән өлеңдер	Арнау	Ағартушылық бағыттағы өсиет	Уағыз түріндегі өлеңдер		Дидактикалық өлеңдер	Өлеңдерінің тақырыбы	Өнер	Білім, ғылым	Адамгершілік	Достық	Жастық		Халық поэзиясы
Әсет шығармалары																							
Өлеңдері	Айтыстары	Қисса-дастандары																					
Мазмұндық жағынан	Ән өлеңдер																						
	Арнау																						
	Ағартушылық бағыттағы өсиет																						
	Уағыз түріндегі өлеңдер																						
	Дидактикалық өлеңдер																						
Өлеңдерінің тақырыбы	Өнер																						
	Білім, ғылым																						
	Адамгершілік																						
	Достық																						
	Жастық																						
	Халық поэзиясы																						

	<p>IV. «Іледегі керуен сарай», « Құдалық туралы» өлеңдеріне әдеби-теориялық талдау жаса.</p>	<div style="border: 1px solid black; width: 150px; height: 20px; margin-bottom: 10px;"></div> <p>III.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%;">«Еңселігім екі елі»</th> <th style="width: 33%;">Ұқсастығы</th> <th style="width: 33%;">«Арғынмын, атым – Әсет арындаған»</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, өлеңде кісіліктің, ерлік тің лебі есіп тұрғаны байқалады</td> <td>Ақындар ата-тегі, өзі жайында мағлұмат береді, суырып-салмалық тән. Төкпе ақындарға тән үйлесім ділік бар.</td> <td>Өнердегі артықшылығы, бойындағы жақсы қасиеттерді тізбелейді, өмір кезеңін, табиғат көріністерін суреттеп баян етеді.</td> </tr> </tbody> </table> <p>IV. Іледегі керуен сарай</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Авторы – Ә.Найманбаев 2. Тақырыбы – қазақтың аңғалдығын, бойындағы басқа міндерді де әшкерелеу. 3. Жанр түрі – поэзия (өлең). 4. Идеясы – саудаға икемі жоқ, дарақы, мақтаншақ адамдарды әшкерелеу. 5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ой. 2 шумақты. 6. Тармақ – өлеңнің әр жолы. 8 тармақты. 7. Бунақ – белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты. 8. Буын саны – дауысты дыбысқа байланысты. 11 буынды. 9. Ұйқас түрі – кара өлең ұйқасы, туынды ұйқас. 10. Әдеби-теориялық ұғымдар. <i>Аллитрация.</i> Біреу қайтты бітіріп жылдам жұмыс, Біреу жүр бір тиынға салып ұрыс. Кейбіреу жүр асыл деп арамды 	«Еңселігім екі елі»	Ұқсастығы	«Арғынмын, атым – Әсет арындаған»	Еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, өлеңде кісіліктің, ерлік тің лебі есіп тұрғаны байқалады	Ақындар ата-тегі, өзі жайында мағлұмат береді, суырып-салмалық тән. Төкпе ақындарға тән үйлесім ділік бар.	Өнердегі артықшылығы, бойындағы жақсы қасиеттерді тізбелейді, өмір кезеңін, табиғат көріністерін суреттеп баян етеді.
«Еңселігім екі елі»	Ұқсастығы	«Арғынмын, атым – Әсет арындаған»						
Еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, өлеңде кісіліктің, ерлік тің лебі есіп тұрғаны байқалады	Ақындар ата-тегі, өзі жайында мағлұмат береді, суырып-салмалық тән. Төкпе ақындарға тән үйлесім ділік бар.	Өнердегі артықшылығы, бойындағы жақсы қасиеттерді тізбелейді, өмір кезеңін, табиғат көріністерін суреттеп баян етеді.						

	<p>Ү. ӘСЕТ ӘНШІ тіркесіндегі әріптерді өлең тармақтарына кірістіріп өлең жаз.</p> <p>Үлгі: Ә-әнші</p> <p>С-сері</p> <p>Е-ел еркесі</p> <p>Т-талантты</p>	<p>алып, Өз қылғанын демейді ешкім бұрыс. Анафора. Біреу қайтты бітіріп жылдам жұмыс, Біреу жүр бір тиынға салып ұрыс.</p> <p>Ү. Ж.Қуандықтың шығарған «Әсет әнші» өлеңі.</p> <p>Ән салсаң, Әсеттей сал арындатып,</p> <p>Сұңқардай көкте ұшқан саңқылдатып.</p> <p>Ел еркесі Әсеттің әсем әні,</p> <p>Тұрады жай отындай жарқыл қағып,</p> <p>Ән десе делебесі қозатұғын,</p> <p>Нар ұлы ер қазақтың озатұғын.</p> <p>Шырқалып, әуелеген «Кіші Ардағы»,</p> <p>Інжуі ән-өнердің сан ғасырға баратұғын.</p>
Қорытынды	Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма: «Арғынмын, атым – Әсет арындаған» мәнерлеп жаттау.	Смайлик арқылы сабақтан алған әсерін көрсетеді. Оқушылардың рефлексиясы.